



Ахметов Мұбарак

1918 жылы қараша айында Жангелдин ауданы тосын ауылдық кеңесінде туған. Қостанай қаласынан 2 жылдық мұғалімдер дайындайтын курсты бітіріп, 1937 жылдың қараша айына дейін Пешков ауылындағы орта мектепте мұғалім болған. 1939 жылы Федоров АӘК-нан әскер қатарына шақырылып, 3-атқыштар полкі құрамында болған. 1941 жылдың маусым айында Ордженекидзе қаласындағы 2-жаяу әскер училищесіне түсіп, оны бітіргеннен кейін Солтүстік Кавказ әскери округі қарамағындағы 733-атқыштар полкында бөлімше командирі, 1942-1943 жылдары 376- артиллериялық ротада рота командирінің орынбасары, 130-атқыштар дивизиясының 371-атқыштар полкінде рота командирі болған. Ұлы Отан соғысын ІҮ Украина майданы, 56-армия қатарында аяқтаған. Жауынгерлік ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Александр Невский орденімен, Жоғары Қолбасшы И.В.Сталиннің 2 рет мақтау қағазымен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Кенинсбергті алғаны үшін» және соғыстан кейінгі мерекелік медальдармен марапатталған. Әскери атағы – гвардия майоры. Әскер қатарынан босап елге келген соң «Коммунизм жолы» газетінің меншікті тілшісі, Пешков аудандық райпотребсоюзының төрағасы, Введен ауданында, Октябрь аудандарында сауда мекемесінің басшысы,

Аманкелді аудандық РПС-те көтерме сауда қоймасында



директор болған.

